

**2024-2025 оку жылындағы әлеуметтік педагогтың I- тоқсан  
қорытындысы бойынша талдау**

«Еркіншілік ауылшының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ әлеуметтік педагогы төмендегідей мазмұнмен міндеттерді, занылайқтарды негізге ала отырып 2024-2025 оку жылына жылдық жоспар жасады.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек үйімдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын үйімдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оку барысында қындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасынын, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушы мен мекеменің, отбасының, әлеуметтік органдың, мектептің арасындағы келістіруші міндеттін атқару;
- аз қамтылған отбасынан алынған балалардың үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қоргайды және олардың қоғамдық ортага бейімделуіне жағдай жасау ;
- тул жетім, қамқорлықтағы және қорғаныштықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен, аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамакпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

Жылдық жоспар Білім туралы КР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы КР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, КР баланың құқықтары туралы КР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заны, Орта білім беру үйімдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы КР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы КР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы КР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (КР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер өнгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

Тамыз айында өтілген «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларының мектепке дайындығын қамтамасыз ету мақсатында өткізілді. Акция 2024 жылдың 1 тамызынан басталып, 2024 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталды. Акцияның ұрғаны: «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА!»

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлықпен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Акция аясында демеушілер мектебіміздің 6 оқушысына мектеп формасын, оқу құралдарымен көмектесті. «Еркіншілік ауылшының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – де 2024-2025 оку жылында Міндетті білім қорынан мектепке оқушыларды дайындаға қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы аясында 109 оқушыға 42.000 теңге көлемінде қаржы аударылды.

Аталған көмек, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы №64 қаулысына сәйкес, Мемлекеттік білім беру үйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік аталуы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілді. Осы заннамаларға сүйене отырып, мектебіміздің 109 оқушысының ата-аналарының есеп шоттарына қаржылай көмек аударылды. Оның ішінде 3 оқушы атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасынан шыққан, 106 оқушы күн көріс деңгейі төмен аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар.

2024-2025 оку жылының 1-ші жартысында Қ.Р Үкіметінің №64 қаулысы бойынша 1-11 сынып арасында аз қамтылған күн көрісі төмен отбасынан шыққан 109 оқушы бір реттік ыстық тамакпен, 1-4 сынып аралығында барлық оқушы ыстық тамакпен қамтылды.

2024-2025 оку жылында асханадағы ас сапасының берілуін қадағалауши бракераждық комиссия аптасына бір рет, мектеп медбикесі мен әлеуметтік педагог күнделікті қадағалап отырды. Мектеп асханасында берілетін күнделікті ас мәзір әлеуметтік желіде жарияланып отырылады.

Жоспар бойынша түрлі іс шаралар мен жиналыстар, кездесулер өткізіліп отырды.

2024-2025 оку жылында мектептің әлеуметтік паспортын жасау және әлеуметтік органдың қоғамға әлеуметтік-педагогикалық әсерін зерттеу жұмыстары жүргізілуде.